

**Жалпы білім беретін «Қ.Смағұлов атындағы орта мектеп» КММ-нің  
Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы**

Өткізілген күні 10 .09. 2021 ж.

(жылы, күні, айы )

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесі мүшелері, мектеп әкімшілігі, кеңес  
хатшысы

- 1.Сағынғалиева Әсемгүл-Қамқоршылық кеңес төрағасы
2. Мырзағалиева Мейрамгүл-кеңес төрағасының орынбасары
- 3.Орынұлы Абай – қамқоршылық кеңес мүшесі
- 4.Сұлтанов Ғалымжан- қамқоршылық кеңес мүшесі
- 5.Паритов Мейрамбек - қамқоршылық кеңес мүшесі
- 6.Ахмедиева Ақмарал - қамқоршылық кеңес мүшесі
- 7.Кутумова Нұрсұлу - қамқоршылық кеңес мүшесі
- 8.Жолдасова Әсем - қамқоршылық кеңес мүшесі
- 9.Қыстаубаева Мөлдір - қамқоршылық кеңес мүшесі

**Күн тәртібі:** Қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің 2021-2022 жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.

Ата аналар мен оқушылар үшін «Мектеп жарғысы мен ішкі тәртіп ережесін» таныстыру.

2021-2022 оқу жылында «Мектепке жол акциясына» қатысып, аз қамтылған отбасы балаларына көмек жұмыстарын ұйымдастыру.

**Тыңдалды:** Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша Кеңес төрағасы – Ә.Сағынғалиева сөз алып, қамқоршылық кеңестің мақсаты мен міндеті туралы таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңестің мақсаты: білім беру ұйымына қолдау көрсету, қаржылық қолдауды қамтамасыз ету, материалдық техникалық базасының нығаюына септесу екендігіне тоқталды. Сондай ақ оның қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу екенін айтты. Сонымен қатар, мектеп директоры қамқоршылық кеңестің қосымша бюджеттен тыс қаржыларды тарту және жұмсау түрлері мен тәртібіне, құқықтары мен міндеттеріне, оның қағидаларына тоқталды. Қамқоршылық кеңес жұмысының бағыттары мен функцияларын таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңестің биылғы оқу жылындағы мүшелері бұрынғы құраммен қалдырылды. 2021-2022 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңес жоспарын бекітуге ұсынылды.

Тыңдалды: Н.Кенжебаев – мектеп директоры, ата аналар мен оқушылар үшін Мектеп Ережесін және ішкі тәртіп ережелеріне тоқталып өтті.

Оқушылардың мектепке мектеп формасын киіп, сабақ басталмастан бұрын он минут қалғанда кешікпей келулері керектігін және мектептің ішінде екінші аяқ киім ауыстыруын қаперлеріне берілді.

Тыңдалды: Сағынғалиева Әсемгүл – қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Мектептің әлеуметтік педагогы А.Тоғжанова қамқоршылық кеңесі төрағасы Ә.Сағынғалиева бірлесе отырып, «Мектепке жол» аясында мектептің аз қамтылған оқушылары мен толық емес отбасы, жетім ата-ана қамқорлығынысыз қалған, әл ауқаты төмен, мұқтаж отбасылар балаларына қайырымдылық жұмыстары ұйымдастырылды. 1-30 қыркүйек аралығында мектепішілік қайырымдылық акциясы жүргізілді. Сынып жетекшілері белсенділікпен қатысып, сынып ата-аналары қоғамдастығы мен бірлесе отырып, демеушілік жасап аз қамтылған көп балалы отбасы балаларына азық- түлік, оқу құрал жабдықтарымен, киім- кешектер табысталды.

### Қаулы:

Қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің 2021-2022 жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекітілсін.

Ата аналар мен оқушылар үшін «Мектеп жарғысы мен ішкі тәртіп ережесі» қаперге алынсын.

2021-2022 оқу жылында «Мектепке жол акциясы» қанағаттанарлық деп бағалансын.

Жиналыс төрағасы:



Ә.Сағынғалиева

Жиналыс хатшысы:



Г.Муканбедиева